

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІКТІҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ - ПЕДАГОГТИҢ КӘСІБИ ТҰЛҒАЛЫҚ САПАСЫ

*Конырова А.А.¹, Сламбекова Т.С.²

¹докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан, e-mail: konyrova_arai@mail.ru

²п.ғ.к., профессор м.а., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан, e-mail: tolkyn_1969@mail.ru

Аңдатпа. Мақала педагогтың кәсіби тұлғалық сапасы ретінде әлеуметтік жауапкершіліктің категориялық мәні мен мазмұнын ашуға бағытталған. Әлеуметтік жауапкершіліктің қазіргі уақыттағы көкейкестілігі мен бұл мәселенің пәнаралық сипаты оны әдістемелік тұрғыдан жан жақты қарастыруды қажет етеді. Бұл педагогтың өзінің кәсіби позициясы мен тұлғалық көзқарасын, өз құндылықтарын сақтай отырып уақыт өзгерістерін сезініп, жылдам бейімделе алуға және заманауи кәсіби талаптарға сәйкес қалыптасуға, өзін-өзі кәсіби жетілдіруге ықпал ететін әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру мәселесін зерттеуге мүмкіндік береді.

Мақалада авторлар кәсіби тұлғалық сапа ретінде әлеуметтік жауапкершіліктің категориялық мәні мен мазмұнын ашу мақсатында зерттеудің пәнаралық тәсіліне сүйене отырып бұл категорияның әлеуметтік педагогикадан басқа ғылым салаларындағы мағынасына салыстырмалы талдау жасайды. Атап айтқанда, философия, әлеуметтік философия, заңтану, экономика, психология, деонтология салаларындағы анықтамаларға жүгінеді. Өйткені «жауапкершілік» ұғымын еркіндік ұғымымен байланысты өмір сүру позициясы ретінде қарастыру ежелгі философтардан басталатыны белгілі. Ал қазіргі күнде жауапкершілік мәселесі адамның өмір сүру сфераларының барлығын қамтиды. «Жауапкершілік» және «әлеуметтік жауапкершілік» ұғымдарының ара қатынасы мен айырмашылығына да тоқталу өте маңызды. Бұл ретте әлеуметтік жауапкершілік мәселесін зерттеген ғалымдардың еңбектерін зерделей отырып, зерттеу жұмысын жалғастыруға негіз болатын бірқатар ғалымдардың тұжырымдамаларын бөліп қарастырады.

Сонымен қатар, авторлар әлеуметтік жауапкершілік мәселесінің кәсіби тұлғалық сапа ретінде педагогика саласында қарастырылуының жеткілікті емес екендігіне екіпін жасайды.

Теориялық талдау жұмысының нәтижесінде кәсіби тұлғалық сапа ретінде әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру мәселесін зерттеу жұмысын жалғастыруға, оның құрылымдық критерилері мен қалыптасу деңгейлерін белгілеуге мүмкіндік беретін теориялық негіздер ұсынылады.

Тірек сөздер: жауапкершілік, әлеуметтік жауапкершілік, пәнаралық категория, кәсіби тұлғалық сапалар, іс-әрекет субъектісі, тұлға, қоғам, әлеуметтік белсенділік.

Кіріспе

Білім беру саласын модернизациялау, мұғалімнің әлеуметтік статусын көтеруге бағытталған 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамыту бағдарламасының жүзеге асырылуы өз нәтижелерін беріп отырғанын отандық тәжірибені талдау барысында көре аламыз. Өз кезегінде бұл нәтижелер мұғалімдер тарапынан қоғам алдындағы өз жауапкершілігін шындау қажеттілігін нақтылайды.

Кәсіби тұлғалық сапаларды қалыптастырудың қайта қарастырылуы кейінгі уақытта кәсіби жоғары білім беру саласының маңызды міндеттерінің бірі. Қандай қоғамда болмасын, әлеуметтік құбылыстардың динамикалық, өзгермелі сипаты мұғалімнің кәсіби жеке дамуына ықпал ететіні сөзсіз. Қазіргі уақыттағы әлемдік коммуникацияның қарқынды дамуы, өмірдің барлық сфераларының интеграциялануы, бағдар бола алатын нақты ортақ құндылықтар мен әлеуметтік маңызды идеалдардың жеткіліксіздігі, әлеуметтік үдерістің күрт өзгерулері қазіргі әлеуметтік мәдени кеңістіктің шындығы. Бұндай шындықта адам қандай да бір шешім қабылдауда үнемі таңдау жасаудың алдында тұрады. Ал шешім қабылдауда тұлғаның өз таңдауын саналы түрде жасауы, сезіне білуі оның жеке жауапкершілігі мен әлеуметтік белсенділігін қажет етеді. Таңдаудың өзі шындығында «адамдардың ойын ғана емес, олардың сезімін де білдіреді» [1].

Өкінішке орай, қазіргі қоғамдағы сыртқы ықпалға оңай түсу немесе белгісіздік алдындағы үрей сияқты деструктивті әрекет қылықтар қоғамдық сипат алып отыр. Бұл құбылыстар соңғы жылдарда болып отырған әлемдік пандемияға байланысты жеке оқшаулану, жаппай ұжымдық иммунизациялау кампаниясы, түрлі саяси ағымдар мен қоғамдық қозғалыстардың жандануы кезінде айқын көрінуде. Сондықтан, жоғары кәсіби білім беру жүйесінде педагог маманды дайындау, оның табысты түрде жеке және кәсіби қалыптасуын қамтамасыз ететін өзіндік субъективтілік, әлеуметтік белсенділік, жеке жауапкершілік, әлеуметтік психологиялық тұрақтылық сияқты кәсіби тұлғалық сапаларға бағытталуы қажет. Өйткені қоғамдық сананың дамуында мұғалімнің әлеуметтік ағартушылық ролі ең бастапқыдан жоғары екені белгілі.

Негізгі ережелер

«Жауапкершілік» ұғымын ғылыми айналымға алғаш енгізгендердің бірі Альфред Бэн оны «жазалау» ұғымымен байланыстырса [2], алғаш рет қоғамдық келісім шарт пен мемлекеттік суверенитет теориясы негізін қалаушылардың бірі, ағылшын философы - Томас Гобс оны «бостандықпен» байланыстырады [3].

Өз алдына әлеуметтік жауапкершілік бірқатар пән салаларында, атап айтқанда философия, этика, құқықтану, экономикада, психологияда, әлеуметтануда қарастырылатын күрделі пәнаралық категория.

Материалдар мен әдістер

Кәсіби тұлғалық сапа ретінде әлеуметтік жауапкершіліктің мағынасын анықтайтын, оның құрылымын ашатын әлеуметтік педагогикада ортақ тұжырымдама жоқ.

Әлеуметтік жауапкершілік әр түрлі ғылым салаларында қарастырылатын күрделі құқықтық, философиялық, этикалық, философиялық категория болғандықтан бұл мәселені теориялық тұрғыдан қарастыруда зерттеудің пәнаралық тәсіліне сүйенеміз. Бұл тәсіл зерттеу мәселесін бір ғана

пәннің аясында шектелмей мәселе аймағындағы білімді кеңейтуге және оны терең қарастыруға мүмкіндік береді.

Түрлі пән салаларында «жауапкершілік», «әлеуметтік жауапкершілік» ұғымдарына берілетін мағыналық анықтамаларға талдау жасай отырып (1-кесте), жауапкершілік тұлға мен қоғамның өзара әрекеттесуі негізінде туындайтын категориалды ұғым екенін көре аламыз.

1 - кесте. Түрлі пән салаларында «жауапкершілік», «әлеуметтік жауапкершілік» ұғымдарына берілетін мағыналық анықтамалар

Философия	Жауапкершілік - тұлғаның адамгершілік парызы мен құқықтық нормаларды орындаумен сипатталатын оның қоғамға (жалпы адамзатқа) ерекше әлеуметтік және моральді құқықтық қатынасын көрсететін құқықтық және этика категориясы. Сонымен қатар, жауапкершілік адамның өз әрекетінің субъектісі (авторы) ретінде әрекет ету мүмкіндіктері мен бірқатар қабілеттерінің (алдына қойылған талаптар мен міндеттерді саналы түрде орындау, дұрыс моральдік таңдау жасау, нақты нәтижелерге қол жеткізу және т.б.) сәйкес келу мәселелерін қамтитын философиялық және әлеуметтік категория [4]. Философияда жауапкершілік бостандық мәселесімен бірге қарастырылады.
Әлеуметтік философия	Жауапкершілік, бостандық, қажеттілік, тәуелділік (тәуелсіздік) ұғымдары өзара тығыз байланыста. Олардың өзара анықталуы және адам әрекет қылығында қиысып келуі дәуірден дәуірге қарай өзгеріп, ерекше мәдени жүйелер үшін ерекшеленіп отырады [5].
Экономика	Әлеуметтік жауапкершілік - ұйымның заң талабынсыз, қоғам игілігі үшін өз еркімен жасайтын іс-әрекеті. Жауапкершілік - жеке адамға, ұжымға қойылатын өзара талаптар тұрғысынан олардың арасындағы қарым- қатынастың объективті тарихи нақты сипатын көрсететін ұғым [6].
Заңтану	Заңды жауапкершілік әлеуметтік жауапкершіліктің бір түрі. Заңды жауапкершілік - құқық нормасының санкциясында көзделген құқық бұзушылық үшін адамға белгіленген іс жүргізу тәртібмен қолданылатын мемлекеттік мәжбүрлеу шараларының жиынтығы [7].
Психология	Жауапкершілік адамның міндетті істі атқаруымен бірге, оның мінезіндегі ерік жігерін, қайраттылығы мен табандылығын көрсететін ерік сапалары болып табылады [8].
Педагогика	Өмірге, іс әрекетке ар ұятпен, аса ұқыптылықпен қараудың белгісі; қабылданған нормалар мен ережелерді орындауы тұрғысынан субъектінің іс-әрекетіне әртүрлі нысанда жүзеге асырылатын бақылауы. Тұлғаның қоғам алдындағы жауапкершілігі қоғамдық қажеттіліктерді білдіретін моральдік принциптер мен құқықтық нормаларды саналы түрде сақтаумен сипатталады. Өз әрекеті нәтижесінің алдына қойылған мақсаттарына, қоғам немесе ұжым қабылдаған нормаларға сәйкестігін тұлғаның өзінің түсіне білу қабілеті [9].
Педагогикалық деонтология	Педагогикалық деонтологияның қағидасын ашуда жауапкершілікті педагогтің шешім қабылдауымен байланысты мөлшер ретінде қарастырады [10].

Бұл мәселеге байланысты жүргізілген теориялық сараптаулардың негізінде зерттеушілердің әлеуметтік жауапкершілікті әртүрлі позициядан қарастыратынын көреміз. Атап айтқанда, әлеуметтік жауапкершілік құбылысын әлеуметтік жетілу көрсеткіші және өз іс-әрекетінің жалпы

кабылданған мақсаттар мен құндылықтарға тәуелді екенін түсінудің негізіндегі адамның әрекет қылығының интегративті сипаттамасы ретінде (А.Ф.Плахотный); адамның тіршілік етуінің экзистенциалдарының бірі ретінде (В.Франкл); моральдік талдаудың нәтижесі (Л.Кольберг); персоналды басқару процесі ретінде (Р.Дж. Спейди), тәртіптің көрнісі ретінде (С.И.Гессен, А.Фром); жауапкершілікті сезінуді интеллект призмасынан (Э.И.Рудковский) және әлеуметтік интеллектінің құрамдас бөлігі (Р.Селман) ретінде; әлеуметтік күзiреттiлiк құрамында (Р.Мертон), таңдау ерiктiлiгiнде жүзеге асыруда көрiнетiн тұлға мен қоғамның арасындағы тығыз байланыстылықта (В.Франкл, Р.Мэй, А.Г.Спиркин); iшкi бақылау мен реттеу қызметiн атқаратын тұлғаның әлеуметтiк сапасы ретiнде (Муздыбаев К.); қарым-қатынас мәнмәтiнiнде (Л.И.Дементий); ұлттық адамгершiлiк тәрбие жетiстiгi ретiнде (С.Ұзақбаева, Т. Сламбекова) қарастырады.

Бұл тарапта Б.С.Алишевтің, «жауапкершілік» ұғымының өзара байланысты үш түрлі түсініктемесін бөліп қарастыруға болады [11]:

жауапкершілікті адамға сырттан жүктелген немесе оның өзіне өз еркімен алаған міндеттерінің орындалуы, яғни, жауапкершілік бұл мағынада міндеттілікке, тіпті орындаушылыққа жақын және уақыт мөлшерімен алғанда болашаққа бағытталады;

жауапкершілік әлбетте орындалған, жүзеге асырылған әрекеттің «авторы» ретінде қарастырылады. Оның соңында марапаттау немесе жазалау тұрады және ол өз кезегінде «сәттілік» және «кіна» ұғымдарымен тікелей байланыста бола отырып, өткен шаққа қатысты болады;

жауапкершілікті қандай да бір қиын мәселелердің шешімін өз еркімен өзіне қабылдау қабілеттілігі. Бұл түсініктемеде уақыт аспектісі қарастырылмайды және «жауапкершілік» ұғымы «бостандық, ерiктiлiк» ұғымдарымен тікелей байланыста қарастырылады.

Тұлғаның өзіне бағытталған жауапкершілігі мен оның қоғам алдындағы жауапкершілігін ғалымдардың «екі текті»: ішкі ғылыми, кәсіби жауапкершілік пен ғылымнан тыс әлеуметтік этикалық жауапкершіліктің өзара байланысы мен ерекшеліктерін [12] ескеру зерттеушілерге де болашақ мамандарға да бірдей қатысты деп есептейміз.

Күнделікті өмірде жиі қолданысқа ие «жауапкершілік» ұғымы лексикалық тұрғыдан «жауап» сөзінен шығады және ол бір мезгілде қоғамдық қатынас, еркіндік, саналылық, сезіну, ықпал, парыз, жеке дамумен шектесе отырып, адамның қандайда бір әсерлерге кері байланыс білдіруде байқалатын әрекеті. Қайталанатын әсерлерге кері байланыс бере отырып, адамның сол әрекеті оның тұрақты сапасына айналады.

Қоғам мен тұлғаның өзара әрекеттесу ерекшелігін ескере отырып, әлеуметтік жауапкершіліктің атқаратын қызметін шартты түрде келесідей жіктеуге болады:

Нормативті реттеуші қызмет қандайда бір қоғамдық моральдік талаптар мен субъектінің сол қоғамдық ортадағы әрекет қылығын реттеу тәсілдерінен тұрады (құқықтық, міндеттіліктің негізінде);

Құндылықтық бағыттаушы қызмет сол қоғамның қабылдаған дәстүрлері, құндылықтары мен шектеулерінен тұрады (белгілі бір қоғамдық ортаға, отбасына, ұлтқа тиістілік және олардың мүддесін өз мүддесі ретінде қабылдау);

Анықтаушы (қайта жаңғыртушы) қызмет адамның бар білім, тәжірибесінің негізінде өзінің әлем туралы, өзі туралы, өзінің қоғамдағы орыны туралы көзқарас жүйесін, қатынасын қалыптастыруы.

Нәтижелер мен талқылаулар

Әлеуметтік жауапкершіліктің категориялық мағынасын ашу мақсатында жүргізілген теориялық талдаудың нәтижесі әлеуметтік жауапкершілікті кәсіби тұлғалық сапа ретінде қалыптастыру мәселелерін бұдан әрі зерттеуге мүмкіндік береді. Олар:

Адам әлеуметтік тіршілік иесі, ол қоғамдық қатынастар жүйесінен тыс өмір сүре алмайды. Оның іс-әрекеті қоғамдық даму заңдылықтарына тәуелді. Ал қоғамдық қатынастар оның дамуының нақты тарихи кезеңінде қалыптасқан ережелер, нормалар, міндеттер арқылы реттеледі. Ендеше, әлеуметтік нормалардың негізіндегі әлеуметтік жауапкершілік *қоғамдық қатынастарды реттеуші* роль атқарады.

Әлеуметтік жауапкершілік тікелей іс-әрекет субъектісінің (педгогтің) қоғаммен өзара әрекеттесуінің негізінде жүзеге асырылатын болғандықтан, оның *көрінісі түрлі деңгейлерде* көрінеді: тұлғалық (*микро*) деңгейде, әлеуметтік (*мезо*) деңгейде, қандай да бір қоғамдық (*макро*) деңгейде, тұтас адамзаттық (*мега*) деңгейде.

Іс әрекет субъектісі ретінде тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігі оның іс-әрекетін, оның қоғам мен қарым-қатынасын *анықтаушы, бағыттаушы, реттеуші* қызметтерін атқарады.

Көптеген зерттеулер көрсетіп отырғандай, әлеуметтік жауапкершілік қандай да бір іс-әрекетте көрініп қана қоймайтын, сонымен қатар адамның іс-әрекеті мен өмірін ұйымдастырудың ішкі шарттарының, маңызды адамгершілік құндылықтарын реттейтін тұлғаның *әлеуметтік маңызды қасиет* сапаларының бірі.

Әлеуметтік жауапкершілік кез келген пәндік және коммуникативті іс-әрекеттің табыстылығын анықтайтын *көп құрылымды кәсіби сапа* болып табылады.

Қорытынды

Әлеуметтік жауапкершілік іс-әрекет субъектісінің кәсіби қалыптасуының бағыттаушысы, реттеуші, әлеуметтік белсенділігінің көрсеткіші бола отырып, нақты топтардың, ұйымдардың (біздің зерттеуімізде – кәсіптік жоғары білім беру орындарының) әлеуметтік тәжірибесі болып табылады.

Қоғамның, өскелең ұрпақтың саналы өмір сүру әрекетіне ықпал ету әлеуметтік жауапкершіліктің стратегиялық міндеті және ерекшелігі. Білім беру саласында тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігі құбылысының

категориялық мәні мен мазмұнын ашу – білім беру жүйесінде тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігі құбылысын жеке қарастыру міндетін шешуге, оның құрылымын ашуға және қалыптасу деңгейін белгілеуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Харари Ю.Н. 21 урок для XXI века /Юваль Ной Харари; пер.с англ. Ю. Гольдберга. – М.: Синдбад, 2021. – 416 с.

[2] Йонас.Г. Принцип ответственности. Опыт этики для технологической цивилизации /Перевод с нем., предисловие. Примечания И.И.Маханькова. – М.: Айрис-пресс, 2004. – 480 с.

[3] Гоббс Т. Левиафан, или Материя, форма и власть государства церковного и гражданского. – Москва, 2001. – 478 с.

[4] Философский словарь/Под ред. И.Т.Фролова. – 7-изд., перераб. и доп. – М.: Республика, 2001. – 719 с.

[5] Социальная философия: Словарь /Сост.и ред. В.Е.Кемеров, Т.Х.Керимов. – М.: Академический Проект, 2003. – 560 с.

[6] Экономика: Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2010. – 800 б.

[7] Конт-Спонвиль, А. Философский словарь /А.Конт-Спонвиль; пер. с фр. Е. В. Головиной. – Москва: Этерна, 2012. – 751 с. – Режим доступа: – URL: <https://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=277836> [Дата обращения: 02.03.2022].

[8] Психология: Энциклопедиялық сөздік /Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 624 б.

[9] Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6-том /Құраст.: Ж.Қоңыратбаева, Ғ.Қалиев, Қ.Есенова және т.б. – Алматы, 2011.

[10] Кертаева Ғ.М. Педагогикалық деонтология негіздері: оқу құралы. – Павлодар, Кереку баспасы, 2011. – 224 б.

[11] Алишев Б.С. Фундаментальные социальные установки и их соотношение //Ученые записки Казанского государственного университета. Сер.Гуманитарные науки. - 2007. - Т.149. - С.46-60

[12] Нұрманбетова Ж.Н. Ғылым тарихы мен философиясы /Ауд. Б.М.Сатершинов. – Астана: ЖШС «Мастер ПО», 2012. – 430 б.

REFERENCES

[1] Harari Ju.N. 21 urok dlja XXIveka (21 Lessons for the 21st Century) /Yuval Noah Harari; per.s angl. Ju. Gol'dberga. – М.: Sindbad, 2021. – 416 s. [in Rus.]

[2] Jonas.G. Princip otvetstvennosti. Opyt jetiki dlja tehnologicheskoy civilizaciii (The Concept of Responsibility. Experience of ethics for technological civilization) /Perevod s nem., predislovie. Primechanija I.I.Mahan'kova. – М.: Ajris-press, 2004. – 480 s. [in Rus.]

[3] Gobbs T. Leviafan, ili Materija, forma i vlast' gosudarstva cerkovnogo i grazhdanskogo (Leviathan or The Matter, Forme and Power of a Commonwealth Ecclesiasticall and Civil.). - Moskva, 2001. – 478 s. [in Rus.]

[4] Filosofskij slovar' (Philosophical Dictionary) /Pod red. I.T.Frolova. – 7-izd., pererab. i dop. – М.: Respublika, 2001. – 719 s. [in Rus.]

[5] Social'naja filosofija: Slovar' (Social Philosophy: A Dictionary)/Sost.i red. V.E.Kemerov, T.H.Kerimov. – М.: Akademicheskij Proekt, 2003. – 560 s. [in Rus.]

[6] Ekonomika: Ensiklopedialyq anyqtamalyq (Economics: Encyclopedic Handbook). – Almaty: «Taimas» baspa üii, 2010. – 800 b. [in Kaz.]

[7] Kont-Sponvil', A. Filosofskij slovar' (Economics: an encyclopedic reference book.) /A. Kont-Sponvil' ; per. s fr. E. V. Golovinoj. – Moskva: Jeterna, 2012. – 751 s. – Rezhim dostupa: <https://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=277836> [Data obrashcheniya: 02.03.2022]. [in Rus.]

- [8] Psihologia: Ensiklopedialyq sözdik (Psychology: encyclopedic dictionary) /Bas red. B.Ö.Jaqyp. - Almaty: «Qazaq ensiklopediasy», 2011. – 624 b. [in Kaz.]
- [9] Qazaq ädebi tılıñ sözdığı (Dictionary of the Kazakh literary language). On bes tomдық. 6-tom/Qūrast.: J.Qoñyratbaeva, Ğ.Qaliev, Q.Esenova және t.b. – Almaty, 2011. [in Kaz.]
- [10] Kertaeva Ğ.M. Pedagogikalıq deontologıa negızderı (Fundamentals of pedagogical deontology: a textbook): oqu qūraly. – Pavlodar, Kereku baspasy, 2011. – 224 b. [in Kaz.]
- [11] Alishev B.S. Fundamental'nye social'nye ustanovki i ih sootnoshenie (Fundamental social attitudes and their correlation) //Uchenye zapiski Kazanskogo gosudarstvennogo universiteta. Ser.Gumanitarnye nauki. - 2007. - T.149. - S.46-60. [in Rus.]
- [12] Nūrmanbetova J.N. Ğylym tarihy men filosofıasy (History and philosophy of science)/ Aud. B.M.Saterşinov. – Astana: JŞS «Master PO», 2012. – 430 b. [in Kaz.]

СУЩНОСТЬ И СОДЕРЖАНИЕ СОЦИАЛЬНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ КАК ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ЛИЧНОСТНОЕ КАЧЕСТВО ПЕДАГОГА

*Конырова А.А.¹, Сламбекова Т.С.²

*¹докторант, Евразийский национальный университет им.

Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан, e-mail: konyrova_arai@mail.ru

²к.п.н., и.о. профессора, Евразийский национальный университет им.

Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан, e-mail: tolkyn_1969@mail.ru

Аннотация. Статья раскрывает содержание и категориальное значение социальной ответственности, как профессионально-личностного качества педагога. Актуальность и междисциплинарное значение социальной ответственности в настоящее время требует рассмотрения данного феномена с разных граней, в том числе с методических точек зрения. Это дает возможность исследования проблемы влияния социальной ответственности на формирование профессиональной позиции педагога, его личной субъектности, на сохранение ценностных ориентаций в изменяющихся условиях окружающей действительности, росте требований к успешной адаптации и соответствию современным профессиональным компетенциям.

В статье, в целях раскрытия содержания и категориального значения социальной ответственности, авторы опираются на междисциплинарные методы исследования. Руководствуясь данным методом исследования, авторы осуществили сравнительный анализ содержания данной категории в рамках социальной педагогики и других научных дисциплин. В частности, это касается определений в областях философии, социальной философии, юриспруденции, экономики, психологии, деонтологии. Известно, что античные философы стали рассматривать понятие «ответственность» как жизненную позицию, связанную с понятием свободы. И сегодня вопрос ответственности охватывает все сферы жизни человека. Также были рассмотрены различия и взаимосвязь понятий «ответственность» и «социальная ответственность». В то же время, обзор работ ученых, изучавших проблему социальной ответственности, позволяет выделить ряд концепции ученых, которые могут быть основой для дальнейших исследований.

Вместе с тем, авторы делают акцент на том, что проблема социальной ответственности, как профессионально-личностного качества педагога в области педагогики недостаточно изучена.

В результате теоретического анализа предоставляется теоретическая база, позволяющая продолжить изучение формирования социальной ответственности, как профессионально личностное качество педагога и определить ее структурные критерии и уровни сформированности.

Ключевые слова: ответственность, социальная ответственность, междисциплинарная категория, профессионально-личностные качества, субъект деятельности, личность, общество, социальная активность.

THE ESSENCE AND CONTENT OF SOCIAL RESPONSIBILITY AS A PROFESSIONAL AND PERSONAL QUALITY OF A TEACHER

*Konyrova A.A.¹, Slambekova T.S.²

*¹doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan, e-mail: konyrova_arai@mail.ru

*²c.p.s., acting Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan, e-mail: tolkyn_1969@mail.ru

Abstract. The article reveals the content and categorical meaning of social responsibility as a professional and personal quality of a teacher. The relevance and interdisciplinary significance of social responsibility currently require consideration of this phenomenon from different facets, including from methodological points of view. This makes it possible to study the problem of the influence of social responsibility on the formation of the professional position of the teacher, his personal subjectivity, on the preservation of value orientations in the changing conditions of the surrounding reality, the growth of requirements for successful adaptation and compliance with modern professional competencies.

In the article, in order to reveal the content and categorical meaning of social responsibility, the authors rely on interdisciplinary research methods. Guided by this research method, the authors carried out a comparative analysis of the content of this category within the framework of social pedagogy and other scientific disciplines. In particular, this concerns definitions in the fields of philosophy, social philosophy, jurisprudence, economics, psychology, and deontology. It is known that ancient philosophers began to consider the concept of "responsibility" as a life position associated with the concept of freedom. And today the issue of responsibility covers all spheres of human's life. The differences and the relationship between the concepts of "responsibility" and "social responsibility" were also considered. At the same time, a review of the works of scientists who have studied the problem of social responsibility allows us to identify a number of scientists' concepts that can be the basis for further research.

However, the authors emphasize that the problem of social responsibility as a professional and personal quality of a teacher in the field of pedagogy has not been sufficiently studied.

As a result of the theoretical analysis, a theoretical basis is provided that allows us to continue studying the formation of social responsibility as a professional and personal quality of a teacher and to determine its structural criteria and levels of formation.

Key words: responsibility, social responsibility, interdisciplinary studies, professional and personal qualities, subject of activity, personality, society, social activity.

Статья поступила 01.04.2022